

Әлиакбарова Айгерім Тілесбекқызының «BD021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы қазақ антропонимиясы: трансмиссия, трансформация» атты диссертациясына ғылыми жетекшінің

ІШКІРІ

Антропонимдер – кез-келген тілдің ономастикалық кеңістігіндегі өзегі болып табылады. Қоғамдағы барлық дерлік адамның есімі болады, есімі жоқ адам әлеуметтік және психологиялық тұрғыда толыққанды тұлға деп саналмайды. Қазіргі өркениетті қоғам тұлғаның әлеуметтенуі тұрғысында кісі есіміне қоса оның тегінің болуын, яғни оның ата тегіне, түп-тамырына қатысты туыстық қатынасты сәйкесендіруді талап етеді. Адамға есімі дүниеге келген кезінде қойылса, тегі ата-бабадан мұра ретінде беріліп, адамның нақты бір отбасына немесе белгілі бір жерге қатысын білдіреді. Қазақ қоғамында кісінің аты-жөні ресми түрде орыс тіліндегі үш мүшелі аты-жөні үлгісі бойынша қалыптасып, дамығандығы белгілі. Ұлттық дәстүрге сәйкес аты-жөні нұсқалары ұсынылып, заң жүзінде Жарлық шығарылғанына қарамастан, қазіргі кезде ресми құжаттарда кісі аты-жөні рәсімделуінің бірнеше нұсқалары кездеседі. Демек, антропонимдік саясат тұрғысында есімдер тілдің құрамдас бөлігі болып есептеледі және тіл саясатына тікелей қатысты болып келеді.

Тілдің дамуы түрлі әлеуметтік факторларға негізделеді. Антропонимдер де тілдің құрамдас бөлігі ретінде қоғамда орын алған әлеуметтік-мәдени, саяси-экономикалық жағдайларға байланысты өзгеріп, дамып, қалыптасып отырады. Докторант Әлиакбарова Айгерімнің зерттеу жұмысы заманауи қазақ антропонимиясында көрініс тапқан тілдік трансмиссия және трансформация құбылыстарына арналған. Яғни, диссертация антропонимдік трансмиссия және антропонимдік трансформацияны анықтауға бағытталған.

Тақырыптың тіл біліміндегі өзектілігі талас тудырмайды. Себебі, Антропонимдер халықтың өткен тарихы мен бүгінгі қалпын сипаттайтын белсенді тіл құралдары болып есептеледі. Диссертациялық жұмыстың «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы, 2017 жылы Елбасының бастамасымен жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүргізілуі жұмыстың өзектілігін айқындай түседі. Жалпы А.Т. Әлиакбарованың ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері салмақты көзқарастар мен тұжырымдарға ие. Жұмыста отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер мен дереккөздерді жеткілікті дәрежеде және орынды пайдаланған. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері және тұжырымдары негізгі бөліммен байланысқан. Яғни, алға қойылған міндеттері орындалып, диссертант өз мақсатына жете білді деп санаймын. Айгерім өз бетімен зерттеу жұмысын толық игеріп, қызығушылықпен зерттеу жүргізді.

Диссертацияны жазу барысында жариялаған мақалалары жұмыстың тараушаларында кеңінен қарастырылды. Зерттеу барысында ізденуші зерттеу пәніне сәйкес мәселелерді қарастырды. Зерттеу материалы Алматы қаласының

Әділет департаменті азаматтық хал актілерін тіркеуді және апостильдеуді қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің мұрағатынан, Алматы қаласы бойынша АХАТ бөлімдерінен, БАҚ құралдары мен сайттардан жинақтап, зерттеу жұмысын жүргізді.

А.Т. Әлиакбарованың жазған зерттеу жұмысы антропонимдік трансмиссия, антропонимдік трансмиссия құбылыстарын анықтауға бағытталған. Тақырыпты ашу мақсатында зерттеу жұмысы бойынша құжаттарға, яғни туу туралы акт жазбаларына зерттеу жүргізіп, лингвистикалық талдау жасады.

Тақырыптың тіл біліміндегі өзектілігі талас тудырмайды. Себебі, антропонимдер де қоғамдағы түрлі жағдаяттарға, жаһандану үдерісіне сәйкес мағыналық, тұлғалық, құрылымдық жағынан үнемі өзгеріп, дамып отырады. Қоғамда орын алған әлеуметтік оқиғаларға қатысты қазақ кісі есімдері жүйесінде орын алған трансформация құбылысын айқындау, қазақ антропонимиясында ұрпақтан ұрпаққа беріліп, антропонимикалық қорда сақталған есімдерді анықтау зерттеу жұмысының өзектілігін айқындады. Осы тұрғыда қазіргі таңда қазақ антропонимиялық қорында айтарлықтай өзгерістер орын алғандығын зерттеудің нәтижелері дәлелдеп отыр.

Докторант зерттеу жұмысында тақырыбына қатысты отандық ғалымдармен қатар, ресейлік және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін пайдалана отырып, өз зерттеу жұмысын дәйектей алған. А.Т. Әлиакбарованың тілі жатық, орфографиялық қателер кездеспейді, ғылыми стилі қалыптасқан. Зерттеу жұмысының бөлімдері арасындағы логикалық баяндалуы жүйеленген. Жұмыстың нәтижесі ретінде қазақ-орыс тілдерінде «Заманауи қазақ есімдері» электронды сөздігі мобильді қосымшасы жасалған.

Жалпы алғанда докторант А.Т. Әлиакбарованың ғылыми докторлық диссертациясы заманауи қазақ антропонимиясындағы трансмиссия трансформация құбылыстарын зерттеуде тың және алғашқы кешенді зерттеуге жататындықтан, жұмыстың өзектілігінің мәні зор деп санаймын. Сондықтан ізденуші А.Т. Әлиакбарованың «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысын толық аяқталған зерттеу жұмысы деп бағалаймын.

Отандық ғылыми кеңесші
ф.ғ.д., профессор



Мадиева Г.Б.